

УДҚ 908

ҚАЗАҚСТАН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ДЕРЖАВАСЫ

Сагадатов Туран

history_11@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің студенті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Елемесов С.

Орталық Азия-Азияның ішкі орталық бөлігінде орналасқан географиялық аймақ. Табиғи жағдайы ресурстарға бай. Орта ғасыр дәуірінен Жібек жолы өткендіктен, әлемдегі маңызды аймақтардың бірі саналған. Бұл аймаққа негізінен 5 мемлекетті жатқызамыз: Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменістан. Аталған мемлекеттердің барлығы да Кеңес Одағының құрамында болған, барлығы да қазір ТМД ұйымының құрамына кіреді. Шығыс әлемінің көрінісі ретінде осы елдерді толықтай атауға болады.

Саяси ахуал. Кеңес құрамының құрамында болып 69 жыл бойы социализмнің көрінісінде өмір сүрген елдер. Қазіргі таңдағы жағдайы қандай? Тоталитарлық режимнің белгілері әлі де болса айқын көрінеді. Мемлекеттік аппаратта, Кеңес заманынан қалыптасқан тұлғалар билік басында отыр. Биліктің иерархиялық сатысы және де жемқорлықтан кең көлемде таралуы негізгі белгілері ретінде қалып отыр. Барлығы мемлекеттік басқарудың

президенттік республикалық түрін ұстанады. Билікте бір президенттің ұзақ жыл билеуі типі тән. Қазақстан, Тәжікстан секілді елдерде тәуелсіздік алғаннан бері бір басшы билесе, Түркменстанда президенттік биліктің абсолюттік түрі бар десе болады (2006 ж. Өзбекстанда дәл Түркменстандағыдай мемлекет басшысының өлімімен ғана президенттің ауысуы тән болып отыр. Ал аталған мемлекеттердің ішінде нағыз демократиялық мемлекет деп Қырғызстанды атауға болады. Осы аталған билік түрлерінің қайсысы тиімді екенің кейіннен анықтауға тырысамын. Жалпы бұл салыстырулар арқылы қай елдің даму деңгейі мықты екенін анықтауға болады. КСРО-ның құрамынан шыққан елдердің әлеуметтік, экономикалық әлеуетін қарай отыра, ХХ ғ. әлемдегі держава болып саналған КСРО-ның ыдырағандағы жағдайын анықтағым келеді. Қазақстан шынымен Орталық Азиядағы державалық мемлекет пе? Осы сұраққа жауап алатын боламыз.

Қазіргі мақалада елдерді мына критерилер бойынша салыстырғанды жөн көрдім:

1. Экономикасы
2. Кәсіпкерлік деңгейі
3. Білім деңгейі.
4. Денсаулық сақта.

Экономика. Ең бірінші және маңызды критеріі ретінде ЖІӨ жөнінен салыстырып көрсек. Бұл көрсеткіш жөнінен көшті Қазақстан бастап тұр, бұл көрсеткіш (154 947 АҚШ долларын құрап отыр) әлемде 55 орында, кейіннен Өзбекстан (70841), (67), Түрікменстан (37 762) (89), Тәжікстан (9 662) (140), Қырғызстан (6 714) (152). Бұл World development indicators: gross domestic product зерттеу орталығы көрсеткіштері бойынша [1]. Көрсеткіш негізінен мемлекеттің барлық қаражат есебі есептеліп, халық санына бөлгендегі белгі болып табылады. Мемлекеттік қаражатқа (шығын көлемі есептеліп, тұтыну, инвестиция көлемі, мемлекеттік сату және сатып алу көлемі, импорт және экспорт көлемі кіреді. Қазақстан бұл көрсеткіш жөнінен айқын басымдылыққа ие болып отқанын көріп отырмыз. Бұл, әрине, ең бірінші Қазақстанның тиімді географиялық аумақта орналасып, ресурстарға өте бай болуынан десек те болады. Дегенменде, аталған мемлекеттердің ешқайсысының теңізге шығуға мүмкіндіктері оқ. Бұл да бір белгілі көлемде экономикаға әсер ететіні анық. Бірақ, әлемдік практикада осы ресурстарсыз да жоғары деңгей көрсетіп жатқан елдерді көреміз. Сондықтанда, жетекші мемлекет болуға басқа да факторлар әсер ететінін байқауымызға болады.

Кәсіпкерлік еркіндігі

Орталық Азия жеріндегі елдерге капитализмнің қарқыны өте жай келді десекте болады. Оған басты себеп барлық осы орталық азия елдерінің барлығы КСРО-ның қарамағында болуы. Яғни әлемдегі АҚШ пен КСРО арасындағы қырғи-қабақ соғыстың әсері. Тікелей капитализм мен коммунизм арасындағы бақталастық. Бізге 70 жыл бойы капитализм зұлымдық деп үйретіп келді. Сол себепті барлық меншік мемлекеттің қарамағында болғандықтан, жеке кәсіпкерлікке жағдай жасалмады десек те болады. Сондықтан да аталған елдер рейтингте төменгі орындарда тұрса таң қалудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Дегенмен де, Қазақстан қазіргі кезде кәсіпкерлікке еркіндік бере бастаған секілді. Сонда да әлі де болса кедергілердің аз еместігі анық.

КСРО кезеңіндегі ЖЭС кезеңі капитализмге көшуге ықпал жасалынған кезең деп айтсақ та болады. ЖЭС-қа көшудің әлеуметтік-экономикалық және саяси болжамдары сол кезеңде жүргізілген бірнеше қатар шараларды атап айқындап көрсетсек. Кәсіпорындарды шаруашылық есепке көшірілуі. Тауар-ақша қатынасы қызметінің кеңеюі (сауда еркіндігіне мүмкіндік беру, табиғи еңбек нарығын ақшаға алмастыру, 1922-1924 жж. ақша реформасы). Азық-түлік диктатурасын алып тастау.

Жаңа экономикалық саясаттың аясында қабылданған міндеттердің ішіндегі ең маңыздысы- азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастыру туралы шешім болды. Азық-түлік салғырты кезінде шаруа қожалықтары өндірілген өнімнің өзін қамтамасыз етуге қажетті үлесінен артығын мемлекетке тапсыруға міндетті еді. Азық-түлік салығының ендірілуі, яғни белгіленген мөлшердегі ғана салықты өтеуге байланысты, олар өндірілген

өнімнің артығын өз еркімен пайдалану құқығына ие болды. Бұл ендірілген салық жүйесіндегі өзгеріс өндіруші шаруа қожалықтарына өте қолайлы болды. Себебі, олар өндірілген өнімнің белгілі мөлшерін ғана мемлекетке тапсырып, қалған өнімді сатуға немесе өзінің басқа қажеттерін өтеуге мүмкіндік алды. Осыған байланысты енді шаруа қожалықтары егістік көлемін ұлғайтуға, сөйтіп өнімді көп өндіруге, яғни еңбек өнімділігін арттыруға ынталы болды. Сөз жүзінде ЖЭС ендірілгенімен Кеңес үкіметі іс жүзінде баяғы қарқымен экономикаға өзінің бақылауын жүргізуді тоқтатпады. Бірнеше ай бойы мемлекет қала мен деревня арасындағы айырбасты кооперация арқылы бақыламақ болды. 1921 жылы 7-ші сәуірде мемлекет өзінің арнайы декретімен кооперацияға фабрика-зауыттық өнімдерді ауыл шаруашылық өнімдеріне айырбастауды міндетті тапсырма етіп берді. Бірақ бұл мәселені жүзеге асыру өте қиын болды. Оның себебі мемлекеттің бақылауымен жүргізіліп отырған тауар айырбасы жеке саудамен жарысқа түсе алмады. Оның үстіне мемлекеттік тауар айырбасы ЖЭС-тың принциптеріне сай келмеді, яғни сауда бостандығына кедергі келтірді. Мұндай жағдай халықтың жаңадан ендірілген шаруашылық саясатына деген сенімсіздігін тудырды. Жоғарыда аталған кемшіліктер біртіндеп азық-түлік салығы саясатының кең ендірілуі барысында жойыла бастады. 1924-1925 жылдары ауыл шаруашылық салығынан ҚазАКСР н бүкіл шаруашылығының 32,7 % босатылса, 1925-1926 жылдары-33,8 % босатылған еді. Әсіресе, 1924-1925 жылдары мал өсіруші шаруашылықтың 72 %-ке жуығы алым-салықтан босатылды. Көшпелі жеке қазақ шаруашылықтарына 3-5 жылдық мерзімдерге жеңілдіктерге негізделген несиелер берілді [2]. Сонымен қатар мемлекет тарапынан ауылшаруашылық машиналары мен құралдарын сатып алуға негізделген несиелер де белгіленді. Осының бәрі ұсақ товар өндірушінің материалдық құштарлығы арттырды, оның өз шаруашылығындағы қорларына иелік ету еркіндігін күшейтті.

Большевиктер таптық мүддені қорғау принциптерінен ажырамаса да, жаңа экономикалық саясат аясында мемлекеттің экономикаға араласуы шектелді. Мемлекет белгілі мөлшерде ғана көпқладты ұдайы өндіріс ті кредит, салық жүйелері арқылы ғана реттеп отырды. Экономикалық өмірдің нақты дамуын қамтамасыз ететін мұндай саясат өте орынды еді. Алайда ірі өнеркәсіп саласын мемлекеттік монополизациялау нәтижесінде олар өз өнімдерін тұтынушыларға өте жоғары бағамен ұсынды. Партия және үкімет шешімдері ауыл шаруашылық кооперацияның ЖЭС жағдайындағы жаңа рөлін анықтағанына қарамастан, оны бақылап отыруға мемлекет мүдделі болды, соның нәтижесінде мемлекет ауылшаруашылық товарларын сатып алу бағасын өзі белгіледі және ол өте төмен болды. Ұсақ әлеуметтік даму барысында қалыптасқан дәстүрлі товарлы шаруашылық мемлекет тарапынан ендірілген мұндай реттеуші бақылауға сәйкес келмеді. Мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған мұндай саясат ұсақ ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер тарапынан қарсылық тудырды. Олар өндірген өнімдерін төменгі бағамен сатудан бас тартты. Алайда бұл қарсылықты мемлекет өзі жүргізіп отырған саясаттың кемшілігінен деп есептемеді. Керісінше ол қарсылықты тап жауларының іс-әрекеті деп бағалады. Мемлекет тарапынан жеке шаруа қожалықтарына қарсы бақылауды күшейтті. Ұсақ тауар өндірушілерді әкімшілік жолмен бақылау мен ығыстыру саясаты сауданы шектеуге, яғни ЖЭС-тің шектелуіне әкелді.

The World Bank Group :Doing Business 2017 зерттеу орталығының мәлімдемесі бойынша. Мынадай критерийлер бойынша рейтинг шығарылған. Олар: кәсіпкерлерді тіркеу мүмкіндігі, кредиттеу, инвесторларды қорғау деңгейі, салық төлеу мүмкіндігі, халықаралық сауда секілді [3]. Ол рейтинг бойынша Орталық Азия елдерінен көшті тағы да Қазақстан бастап тұр әлемде 35 орында тұр. Одан кейін Қырғызстан (75) орын, кейіннен Өзбекстан (87), Тәжікстан (128), Түрікменстан (135).

Көріп тұрғандарымыздай, Қазақстан бұл рейтингте әлемнің үздік деген 50 елдің қатарына кіріп отыр. Тіпті Ресей, Италия секілді көшбасшы елдерді артқа қалдырып отыр. Әрине Қазақстанның әлемдік нарыққа шығуға басты кедергісі –теңізге шығу мүмкіндігі болмағанымен. Ол фактордың қатты әсер етпейтінін дәлелдеп отыр, еліміз кәсіпкерлеге қолдау көрсетуі. Ең біріншіден халықтың әлеуметтік жағдайының жоғарылауына зор

септігін тигізетінін және де толықтай еліміздің экономикасының дамуына мүмкіншіліктерлі алып келетінін атап кеткен жөн деп ойлаймын.

Келесі салыстыратын критерий ол мемлекеттің білім деңгейі. Онда басты ескерілетін факторлар. Біріншіден, оқу бағдарламасының деңгейі, жоғары жастағы адамдардың білімділік индексі, орта және жоғары білім деңгейінің индексі ескерілген болатын. Бұл зерттеуді әлемдік Education Index білім деңгейінің индексі зерттейтін орталық жүргізген болатын. Көрсеткіш негізінде, Қазақстан 31 орында тұрақтап тұр. Ол көрсеткіш Орталық Азия елдерінің ішінен тағы да үздік көрсеткіш болып табылады. Кейіннен 50 орында Өзбекстан, 54 орында Қырғызстан, 74 Тәжікстан, 79 Түрікменістан тұрақтап отыр.

Білім деңгейі.

Келесі көрсеткіш ол білім деңгейі. Мықты дамыған мемлекет болу үшін әрине, халықтың білімділік деңгейі маңызды фактор болып есептелетінін анық нәрсе. 2017 жылғы United Nations Development Programme: Education Index зерттеу орталығының баяндамасы бойынша [4]. Орталық Азия елдерінің ішінен көшті тағы да Қазақстан бастап отыр, ол әлемдік рейтингте 39 орында тұрақтап отырса, келесі кезекте Өзбекстан 58 орында, Қырғызстан 65 орында, Тәжікстан 97 орында, Түрікменстан 111 орындарда тұрақтап отыр. Бұл зерттеу ұйымы ЮНЕСКО-ның статистика ғылымының институты болып табылады. Негізгі қаралатын мәселе, ол мемлекеттегі жоғары оқу орындарының сапасы, мемлекеттегі жоғары дипломға ие азаматтардың саны негізінде. Одан бөлек ғылым саласында көңіл бөлініп жатырған жағдайларды ескере отырып шығарылып отырады. Бұл көрсеткіште Орталық Азия елдері тұрақты орта деңгейдегі көрсеткішті көрсетіп отыр. Жоғарғы көрсеткішті Скандинавия елдері және Оңтүстік–Шығыс Азия елдері көрсетіп отыр. Бір маңызды атап көрсететін мәселе, аталған көшбасшы елдерде қазіргі кездерде жемқорлық көлемі аз көрсеткішті көрсетіп отыр. Шығаратын қорытынды жемқорлық бар жерде, білім деңгейінің көтерілуі өте қиын іс екенін байқауға болады. Тағы да бір атап өтетін мәселе, білім саласындағы ерекшелік дамыған мемлекеттермен байланыс. Яғни, мемлекет азаматтарының шетелде жоғары деңгейдегі білімді алып, мемлекетті дамыту мәселесі. Алғаш құрылған университеттер Батыс Еуропада құрылғандығын білеміз, атап айтқанда XII-XIV ғғ аралығындағы Оксфорд, Кембридж, Париж, Болонья университеттерін атаймыз. Ал осы университеттерде жаңағы білім деңгейі дамыған елдердің азаматтары көп білім алған елдер болып табылады [5]. Яғни шетелдік тәжірибе үлкен жетістігін беріп отыр. Қазақстанда жүргізіліп жатырған «Болашақ» бағдарламасы, Өзбекстанда ЮНЕСКО-ның ұсынып отырған бағдарламалары, Сорос Фонды, Әлем корпусы секілді бағдарламалар жұмыс жасап отыр [6]. Осы секілді бағдарламалардың барлығы мемлекетті білім деңгейінің артыуына әсер ететін негізгі факторлар болып табылады.

Денсаулық сапасы.

Келесі маңызды салыстыралатын фактор ол денсаулық сапасы, барлық жинақталған мәліметтер numbeo.com сайтынан алынған. Негізгі басты назарға алынған критерийлер ол : денсаулық сақтау жүйесінің сапасы, медициналық қызметкерлердің, қолданылатын құрылғылардың, дәрігерлердің сапасы басты назарға алынған болатын және де осы аталған қызметтерге сәйкес оның баға жөніндегі қол жетімділігі ескерілген болатын. Рейтингқа сәйкес Қазақстан 44 орында тұрақтап тұр, Өзбекстан 89, Қырғызстан 101, Түрікменстан 114, Тәжікстан 134 орындарды көрсетіп отыр [7]. Бұл фактор өте маңызды болып саналатынын ескерген жөн, себебі денсаулық тікелей халықтың даму көрсеткішінің кепілі саналатынын білеміз. Сол себепті де, қазіргі таңда көптеген дамыған елдердің барлығы денсаулық сақтау саласына қатты көңіл бөліп жатқанын атап кеткен жөн. Көшбасында Оңтүстік Корея елі тұр, ал ол дегеніміз аз-уақыт ішінде үлкен жетістікке жетуге болатындығының көрінісі екенін бірден байқауға болады.

Қорытындылай келе басты ескеретін мәселе аталған барлық көрсеткіштерді толықтай барлық зерттеу орталықтарының көрсеткіштерін қараған жоқпын. Жаплы халыққа танымал деген, жоғары қолдауға ие орталықтардың көрсеткіштерін назарға алдым. Дегенменде, басқа рейтингтерді қараған кезде де, айыршылық өте үлкен деп айта алмаймын. Көріп,

тұрғанымыздай Қазақстан аталған барлық көрсеткіштер бойынша жоғары рейтингті көрсетіп отыр. Толықтай Орталық Азияның державасы деп сеніммен айтуға мүмкіндігіміз бар деуімізге болады. Дегенмен,әлі де осыдан да жоғары дәрежеге жетуге болатындығын атап кеткен жөн. Шығыс Еуропа елдерінің көрсеткіштерімен салыстарғанда айтарлықтай төмен. Сол себепті де,әлі де еңбек етуіміз қажет. Қазақстанның негізгі стратегиялық бағыттардың бірі «Қазақстан 2050» де аталып кеткендей, дамыған 30 мемлекеттің құрамына кіреміз ол барлығы уақыттың есебінде деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Электронный ресурс –[Режим доступа]:<http://www.prosperity.com/>
The Legatum Prosperity Index/ Индекс процветания стран мира Института Legatum
2. Күзембайұлы А.,Әбіл Е. Қазақстан тарихы. Алматы,2006
3. <http://www.doingbusiness.org/> Последнее исследование: Doing Business 2017
4. <http://www.nonews.co>
5. Найденова Н.Н Глобализация как фактор сближения образовательных систем стран постсоветского пространства в условиях разновекторной кластеризации// Современная педагогика.2015.№11.
6. Медушевский Н.А., Шишкина, А.Р. Образовательные системы стран Центральной Азии: Вызовы, риски и перспективы регионального сотрудничества. –М.: Ленанд, 2015.-168 с.
7. <https://www.numbeo.com>